

**Ә. Б. Жағыпар, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ҰСТАНЫМЫ «АЛАШ ИДЕЯСЫ» КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ**

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл толды. Осыдан жиырма бес жыл бұрын туған балалар, апталдай азамат болды. Қазақстан Республикасының азаматтары мен азаматшалары тәуелсіздік сөзінің парқына үніліп, таным-түйсігімен сезіне алып жүр ме? Тәуелсіздікке біз қалай жеттік, оған жету жолында нендей әрекеттер, іс-қимылдар және кімдер құрбан болды деген өзекті сұрақ туындайды. Сондықтанда, біздің мақаламызды жазудағы мақсатымыз — көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғалым Әлихан Бөкейхан армандаған Алаш идеясының халық жадынан өшпей, кеңестік кезеңде жалғасын тауып үзілмей тарихи сабақтастықпен Тәуелсіздікке жетуді көрсету.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан 5 наурызда — XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қатарындағы шоқтығы биік дара тұлға<sup>i</sup>. Әлихан Бөкейхан туғанына 150 жылдық тойын ЮНЕСКО-көлемінде атап өту Қазақ халқының ұланы, мақтанышы халықаралық дәрежеде мойындағандығын көрсетеді. Ата-бабасынан ақсүйек, әлемді мойындатқан Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Мықан (Нұрмұхамед)<sup>ii</sup>.

Жастайынан молданың алдын көрген Әлихан Бөкейхан білім нәрін одан әрі Қарқаралы мектебінде, Омбыдағы техникалық училищеде, Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтында жалғастырады. Өзінің алғыр ойымен сабақтарынан бөлек, студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы да басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болды<sup>iii</sup>.

Әлихан Бөкейхан — ғұлама ғалым, ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлғаның реформаторлығын алаштанушы ғалым Манаш Қозыбаев: «Қазақ зиялы қауымының көш басындағы Әлихан бастаған реформаторлар ағартушылық идеясын жаңа сатыға көтерді, оны дін аясына таратты, исламдық фундаментализмге, догматтық жолға үзілді-кесілді қарсы болды, рухани ренессанс кезеңіне жаңа екпін берді, ұлт мүддесін қорғады, бірақ нәсілдік, діни көрсоқырлық жолына түспеді, замана проблемаларын жер меншігі, отбасы және неке, бас бостандығы, оның ішінде рух бостандығы заң негізінде, европалық жолмен шешілуін қалады», — деп көрсетеді<sup>iv</sup>.

Тәуелсіздік жолындағы күресінде Ресей империясына ашық қарсылық танытпай, ең біріншіден халықтың сана сезімін ояту керек деп, жанына ұлтқа адал қызмет атқаратын Алаш ұлт қайраткерлерін топтастыра білді. Әлихан Бөкейхан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастырушы. Алаш партиясының заңды мұрагері, қазақтың тұңғыш ұлттық мемлекеті 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері аралығында Орынбор қаласында жалпықазақтың II съезі Алашорда ұлттық үкіметі құрылып, жабық дауыс беру нәтижесінде Әлихан Бөкейхан — Ұлт Кеңесінің Төрағасы болып сайланды<sup>v</sup>. Қилы тағдырды басынан кешкен Әлихан небір қиын кезеңде де өз қарабасын ойламай, ұлтының қамын ойлаған ерен тұлға. Әлихан Бөкейхан бастаған XX ғ. ұлт-азаттық қозғалыс: «Алаш қозғалысы — ұлт-азаттық қозғалыстың биік белесі. Ол XX-ғасырда Ұлттық жаңғыруға бастады, ұлттың өзін-өзі танып қана қоймай, мемлекеттік санатына көтерді, ол егемендік, тәуелсіздік, демократиялық мемлекет, ұлт татулығы, дін мен мемлекет арақатынасы проблемаларын XX ғасырда күн тәртібіне қойды. Осылай біз бүгінгі күнде бастан кешіп жатқан тәуелсіздігімізге жол салдық», — деп жібі үзілмеген ұрпақтар сабақтастығын айқын көрсетеді<sup>vi</sup>.

Әлихан Бөкейханның Алаш идеясы өмірлік ұстанымы болды. «Алаш» — Отан кісісі, өз елінің патриоты деген мағына білдіреді, бұл — қазақтың басын біріктіретін, қазақты бір ұлт ретінде ұйытатын идея», — деген Әлихан Бөкейханның сөзін кеңестік кезең жастары саналарында сақтады<sup>vii</sup>. Алаш зиялыларының алдыңғы және кейінгі буынының ойлаған ойы, іске асырамын деген армандары үзілмей жеткен тарихи сабақтастық арқылы Қарағандыда «Елін сүйген ерлер партиясы», Батыс Қазақстанда «Қазақ халқын қорғаушылар одағы», Мәскеудегі «Жас тұлпар», Керекудегі «Жас ұлан», Хасен Қожа-Ахмет құрмақ болған «Жас қазақ» секілді ұйымдармен жаңғырып және соңғы Желтоқсан көтерілісінің қылмысымен асқақтады<sup>viii</sup>. Мысал ретінде, кеңестік кезеңде Қарағанды қаласында құрылған «ЕСЕП — Елін сүйген ерлер партиясы» Алаш ұлт қайраткерлерінің идеясы үзілмей жеткен сабақтастығында қарастырсақ. «ЕСЕП» партиясы мүшелері Қазақ елі — Тәуелсіз «Мәңгілік ел» болу жолында өз қажыр-қайраттарын аямай жұмсады және сол үшін тоталитарлық режимнен жазықсыз жапа шекті. ЕСЕП партиясының мақсаты — тәуелсіз ел болу, міндеті — жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу. Мақсатқа жету үшін, міндетін іске асыру үшін өз бағдарламасы мен заңдарын құрды. Бүркіт Ысқақов негізін қалаған 1937–1938 жылдары жаппай ұлт зиялыларын репрессияға ұшыратқаннан кейін, бір партиялық жүйемен қабаттаса ұлттық тәуелсіздікті армандаған, ЕСЕП партиясы ҚР ҰҚК құжаттарында: «...Искаков и Темиров в период учебы в Нуринской средней школе, а затем в 1940-1942 годах в Карагандинском учительском институте создали антисоветскую националистическую организацию «ЕСЕП» (партия героев, любящих Родину), которая своей задачей ставила отражение Казахстана и республики Средней Азии от Советского Союза и создания на их территории буржуазной государственности; проводили среди Казахской молодежи антисоветскую агитацию, читали контрреволюционную литературу», — деп көрсетіледі<sup>ix</sup>. Осы және басқа да қолда бар мұрағат құжаттарын саралап, Бүркіт Ысқақов құрған ЕСЕП партиясы тарихын төрт кезеңде бөліп қарастырамыз:

- 1) қалыптасу кезеңі — 1940-1942 жылдары;
- 2) даму кезеңі — 1944-1951 жылдары;
- 3) шарықтау кезеңі — 1960-1964 жылдары;
- 4) тарихи сабақтастық кезеңі — тәуелсіздікке қол жеткізу<sup>x</sup>.

Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе бақытымыз баянды, тәуелсіздігіміз ғұмырлы болуына орай, тарихтан тағылым алған, ұлттық руханият қайнарынан қанып ішкен жас буын ұрпақты тәрбиелеу мәңгілігіміздің мәңгілік мәселесі болып табылады. Жастар үлгі өнеге алатын алдыңғы толқын ағалардың кешегі тоталитарлық жүйе қысымындағы азаматтық ерліктері, елдік жолындағы қызметтері өшпес өнеге. Бұл ретте тарих тағылымын санада жаңғырта отырып ұрпақтар сабақтастығын қалпына келтіру үрдісі өзекті сипатқа ие. Ұрпақтар сабақтастығы ең бірінші кезекте кешегі «Алаш» ұранды ұлт қайраткерлерінің қазақ мемлекеттігін қалпына келтірудегі тарихи ерен еңбегін бүгінгі отандық тәлім-тәрбие өзегіне айналдыру деп білеміз. Бізге отаншыл терең білімді зияткер жастар керек. Ал, олардың бойтұмар етіп ұстанар тұлғалары Алаш ұлт қайраткерлерінің идеясы болса туған отанымыз Қазақстанның саяси, рухани және экономикалық өркендеуі жана сапалы өреге «Мәңгілік Елге» айналарына сенімдіміз.

<sup>i</sup> Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы // Полн. собр. соч.: / Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. — Астана, 2013. — Қазақша-орысша. Т. 6.

<sup>ii</sup> Сонда.

<sup>iii</sup> Нұрпейісов К. Алаш қозғалысы қалай басталды // Аңыз адам журналы — 2014. — № 24 (108).

<sup>iv</sup> Қозыбаев М. Еліміз Алаш, керегеміз ағаш немесе бүгінгі тәуелсіздігімізге жол салған Алаш қозғалысы хақында / Құраст. І. М. Қозыбаев — Алматы, 2009.

<sup>v</sup> Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Көмекші оқу құралы. — Алматы, 1995.

<sup>vi</sup> Көрсетілген жұмыс.

<sup>vii</sup> Сұлтан Х. А. Алаш арыстары халқына адал қызмет етті // Аңыз адам журналы. — 2014. — № 24 (108).

- 
- viii Жағыпар Ә. Б. Алаш арыстары идеясы — ЕСЕП партиясын құру // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. — 2014. — № 3(75).
- ix Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің № 600 іс қорытындысы. — Алматы, 11.02.1998.
- x Жағыпар Ә. Б. Көрсетілген жұмыс.